

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ТІЛДЕРДІ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРМАСЫ

С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ



**«Павлодар облысында мемлекеттік  
тілдің қолдану аясын  
кеңейту жолдары» атты  
облыстық ғылыми-  
практикалық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**



Павлодар 2006

## БАСТЫ НАЗАРДА - ЕЛБАСЫ ҰЙҒАРЫМДАРЫ

М.М. Әбдірахманов

Халақаралық «Қазақ тілі» қоғамы  
Павлодар облыстық ұйымының төрағасы

Қазақстан Республикасы Президенті мемлекеттік тіл мәселесін үнемі назарында ұстап келеді. Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін, тіл - бірлік, ынтымақтастық факторы, Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде деген бағыт-бағдарлар ең алдымен Елбасымыз пайымдап, жария еткен тұжырымдамалар. Енді міне, Қазақстан халықтарының кезекті Ассамблеясында жоғарыда келтірілген қағидаттардың «тобықтай түйіні» толағай да нақтылы ашып айтылды. Ондағы ұйғарымдардың қай-қайсы болсын егеменді еліміздің болашақта тіл саясатын іске асырудағы негізгі ұстанымдары болары хақ. Орындаушыларына кешігіңкіреп жетсе де, бүгінгі таңда олардың маңызы өте зор деп білеміз. Ең бастысы ондағы ескертпелер мен жолдамалар өзімізге де, өзгеге де салмақты да салиқалы ой тастады. «Тас түскен жеріне ауыр» деген де.

Республикамызда бұдан 17 жыл бұрын тіл туралы алғашқы заң қабылданғаннан бері не бітіргенбіз? Атқарылып жатқан істердің нәтижесі қайда? Қыруар қаржы жұмсалып, республика, облыстар аумақтарында өткізіліп жатқан форумдар, конференциялар мен семинарлар, көптеген конкурстар мен байқаулар не берді? Әкімдіктер жанынан ашылған курстарда тілді оқытып та жатырмыз, оның қандай қорытындысы бар? Солардың бәрі мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтіп, оны дамытуда қандай нәтиже берді? Өткен уақыт аралығында бұл істе айта қаларлықтай алымды қадамдар жасай алдық па? Әлбетте, ешкім де қол қусырып қарап отырмаған болар, алайда нәтижесіне көңіл толмайды. Министрліктерде құжаттардың 90 пайызы әлі де орыс тілінде ресімделсе, қалайша біз келесі жылдан бастап қазақ тілінде іс жүргізбекпіз? Елбасы тайға таңба басқандай етіп, осындай келеңсіздіктерге меңзеп отырған жоқ па?! «Көш жүре түзеледі» деп, өз-өзімізді алдаусыратудың, өзгелерге деген жалпақшешейліктің, жалтақтық пен жарамсақтықтың да шегі болуы керек емес пе? Уақыт өткен сайын тіл саясатындағы алғашқы құлшыныстар мен талпыныстар бөсеңсіп, олардың орнын бойкүйездік пен тоқмейілсіну, самарқаулық пен немқұрайлылық баспады ма? Олай болса, мәселе қаржыда ғана емес екендігі айқындала түспей ме? Сонда мәселе неде? Назарларыңызды осы сауалдар төңірегіндегі біршама ойтүрткілерге аудармақпыз.

Қай тілдің болсын толыққанды қолданыста болуы үшін негізгі үш фактор тоғысып келуі тиіс екені мәлім. Оларға тілге деген



қажеттіліктің болуы, тілдік ортаның қалыптасуы және тілдің қолдану аясының кеңеюі жатады. Осының үшеуінен де біз мешеу қалып келеміз. Біздіңше мұндағы басты мәселе - мемлекеттік тілге деген қажеттіліктің, оған деген сұраныстың жоқтығында, олардың туындауына көшбасшы боларлық субъектілердің пәрменсіздігінде деп білеміз. Қабылданған нормативтік - құқықтық актілердің орындалуын жүзеге асыруға жауапты органдар (министрліктер, әкімдіктер, прокуратура, сот) тарапынан тиесілі деңгейде бақылап, қадағалау жұмыстары ұйымдастырылмаған. Мысалы, бұл орайда облыс әкімдігі жанынан құрылған үйлестіру кеңесі көп істер тындырған болар еді, өкінішке қарай, олай болмай отыр. Бұл іске қоғамдық ұйымдардың араласуы да шектеулі. Қаржы бөлініп, жағдай жасалса, құрамына жоғары білімді әрі мол тәжірибе жинақтаған білікті азаматтар топтасқан «Қазақ тілі» қоғамы да көптеген іс-шаралардың жүзеге асуына ат салысқан болар еді. Қазірде алдағы 2007-2008 жылдардың мемлекеттік тіл – қазақ тілін және басқа да облыс аумағын мекендейтін диаспоралардың ана тілдерін дамытуға арналған бағдарлама жобасында біршама іс-әрекеттер осы қоғамға жүктелуі жобаға енгізіліп отыр. Олардың ішінде қоғамдық «Ертіс дидары» газетін шығаруды әрі қарай жалғастыру және аудармашылар мен өзге тілді ұлттар өкілдеріне қазақ тілінен дәріс беріп жүрген оқытушыларға оқыту-әдістеме саласынан үзбей қызмет көрсетіп, біліктілігін жетілдіру мектебін ашу біздің қоғам үлесінде. Егер осы шаралар айтылмыш бағдарламадан заңды орын алып, бекітілсе, «Қазақ тілі» қоғамының дәрежесі өсіп, қалалық, аудандық қоғамдық бірлестіктердің, олардың бастауыш ұйымдарының жұмыстарын жандандырып, жаңғыртуға игі өсерін тигізер еді деген ойдамыз.

Қазақстан Республикасының 1997 жылы 11 шілдеде жарық көрген «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының 9-бабында: «Мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленіп, қабылданады, қажет болған жағдайда, мүмкіндігінше, басқа тілдерге аударылуы қамтамасыз етіле отырып, оларды әзірлеу *орыс тілінде жүргізілуі мүмкін*» делінген. Заңның келесі 10-бабында: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесінде, ұйымдарында, меншік нысанына қарамастан, статистикалық – есеп, қаржы және техникалық құжаттама жүргізу мемлекеттік және орыс тілінде қамтамасыз етіледі» деп көрсетіледі. Мұқият қараған адам соңғы баптағы «мемлекеттік және орыс тілінде қамтамасыз етіледі» деген тіркестен кез келген құжаттың екі тілде дайындалуы керек екенін пайымдар еді, ал іс жүзінде олардың дені тек қана орыс тілінде дай-

ындалады. Жоғарғы 9-баптың пәрмені көзге ұрып тұрса да, ол да ба-рынша өз күшінде пайдаланылмайды. Алдағы уақытта осы баптар-дағы талаптардың өз деңгейінде орындалуына күш салуымыз қажет деп білемін. Әлбетте, осы екінші рет қабылданған заң баптарының біразы екіұшты, күмәнді, дәйексіздеу болып келеді. Бұған зиялы қауым, БАҚ өкілдері тарапынан кезінде уаж айтылды да. Заңның 4-бабында: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» делінсе, 5-бапта «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолдан-ылады» деп жазылған. Бүкіл республика аумағында 2008 жылы, соның ішінде біздің облысымызда 2007 жылы мемлекеттік тілде іс жүргізу-ге көшу жоспарланып отырған шақта 5-бапқа түбегейлі өзгерту енгі-зілуі өзінен-өзі түсінікті жағдай.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Үкіметі жанынаң еліміз-дегі тіл саясатын одан әрі жетілдіру мәселелерін қарастыруға арнал-ған арнайы комиссия құрылып, мұндағы көптеген көкейкесті мәселе-лерді ыңғайластыру мүмкіндіктері қарастырылуда. Онда нормативтік-құқықтық кесімдерді жетілдіру жөнінде де ұсыным назарға алынға-ны белгілі. Сайып келгенде, жуыр арада елімізде тіл мәселелеріне байланысты нысаналы әрі нақтылы заңнамалық күші бар құжат қабыл-данады деп күтілуде. Солай болған күнде ана тіліміздің мемлекеттік дәрежесін арттыру, оның табиғи болмысындағы құдыретті әлуетін асқақтата көтеру, оған деген қажеттілікті, сұранысты үдерту жолын-да ұзақ жылдар алаңсыз жемісті еңбек етуге жол ашылар еді деп пай-ымдауға болады.

Жоғарыда аталып өтілген тілдік орта ахуалында да жетілдіре, жаңғырта, оңтайландыра түсерлік мәселелер өз кезегін күтуде. Ең ал-ғашқы тілдік орта – ол отбасы. Ана тілі сәбидің алтын бесігінде жат-қан кезінен-ақ құлағынан кіріп, жадынан орын алып, жүрегіне ұялай-ды. Содан соң ол мәңгілік ұмытылмайды. Ұмытылып бара жатса да белгілі бір оңтайлы жағдайларда ол қайта түлеп, жаңғырығады. Ақиық ақынымыз Сұлтанмахмұттың: «Сүйемін туған тілді – анам тілін, бе-сікте жатқанымда-ақ берген білім» деп толғауы осыдан болса керек. Алайда бүгінде отбасында орысша сөйлеу басым, әсіресе жас отба-сыларында. Бір жағынан оларға кінә қоюға да болмайды. Олар үшін біздің қоғамда көптеген әлеуметтік мәселелер әлі де шешімін таппай келеді. Жалақы төмен, пәтер қымбат, жұмыссыздық... олардан келіп, басқа да ірілі-ұсақты проблемалар туындайды. Оның бала тәрбиесі-не уақыты да, шамасы да жоқ. Үш жасқа толған сәбиін балабақшасы-на берейін десе, онда да проблема. Біріншіден, ана тілінде тәрбие



беретін балабақшалар жоқтың қасы. Бүгінде облыс аумағындағы 84 балабақшаның 12 –де ғана тәрбие және оқыту ісі қазақ тілінде жүргізіледі екен. Үшінші тілдік орта – мектеп. Бұл -тілді ғана емес, жалпы Отанымыздың болашақ азаматын түлетіп қалыптастырудағы ең негізгі, ең басты, ең әмбебап қара шаңырақ. Қазірде облысымыздағы 469 мектептің 147-де оқу-тәрбие жұмысы қазақ тілінде жүргізіледі екен. Бұл да ойландыратын жағдай.

Енді тіл дамытудың үшінші факторы - тілдің қолдану аясына келетін болсақ, бүгінгі таңда мұндағы атқарылуға тиіс шаралар бастан асады. БАҚ, көлік, сауда-саттық, байланыс, ономастика, топонимия, «жан түсінбес жарнамалар» ... Бұларға сапалы оқу-әдістемелік құралдар тапшылығын қосатын болсақ, алдағы қабылданатын бағдарламаның жүгі ауыр, міндеті аса жауапты болмақ. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді дана халқымыз. Жұмыла кірісіп, аянбай тер төксе, осынау сындарлы міндеттерді де жоғары талаптар деңгейінде орындармыз деген сенімдеміз.